



## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2022 жылғы 4 наурыз

### Халықаралық ақша аударымдары жүйелері арқылы жіберілген ақша аударымдарының жиынтық көлемі 21%-ға өсті

2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан аумағында 8 халықаралық ақша аударымдары жүйесі (Золотая корона, Вестерн Юнион, Юнистрим, Contact, Faster, MoneyGram және басқалар) жұмыс істейді.

Осы жүйелер арқылы жіберілген ақша аударымдарының жиынтық көлемі 2021 жылы 1,364 трлн теңгені құраған. Транзакциялар саны – 4,3 млн. 2020 жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 21%-ға өскен. Қазақстаннан шетелге жіберілген ақша аударымдарының көлемі 28,3%-ға артса, шетелден Қазақстанға – 1,2%-ға қысқарды. Ел ішіндегі ақша аударымдарының көлемі 35,4%-ға ұлғайып, 70,4 млрд теңгені құрады.




2021 жылы Қазақстаннан шетелге ХААЖ арқылы жіберілген ақша аударымдарының көлемі 1,010 трлн теңге болды. Шетелге жөнелтілген ақша аударымдарының негізгі үлесі Өзбекстанға (29,5%), Түркияға (20,9%), Ресей Федерациясына (17,5%), Қырғызстанға (14,3%) тиесілі. Шетелден Қазақстанға өткен жылы 283,5 млрд теңге келіп түскен.

Қазақстанға ақша аударымдары негізінен Ресей Федерациясынан (18,7%), Өзбекстаннан (17,6%), Оңтүстік Кореядан (14,0%), Қырғызстаннан (12,0%) және АҚШ-тан (11,8%) болды.



## ХААЖ арқылы Қазақстанға келіп түскен ақша аударымдарының көлемі (млрд теңге)



Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы алуына болады:  
8 (7172) 77-52-10  
e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)  
[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)